

Мұғалжар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 131 "2022-2024 жылдарға арналған Ақкемер ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 маусымдағы № 219 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мұғалжар аудандық мәслихатының "2022-2024 жылдарға арналған Ақкемер ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 131 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2022-2024 жылдарға арналған Ақкемер ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 42 568 мың теңге:

салықтық түсімдер – 3 297 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 4 мың теңге;

трансферттер түсімі – 39 267 мың теңге;

2) шығындар – 43 127,7 мың теңге:

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -559,7 мың теңге:

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 559,7 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 559,7 мың теңге.";

2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының "2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төмен мөлшері – 60 000 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 19 450 теңге;
- 3) зейнетақының ең төмен мөлшері – 46 302 теңге;

4) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 063 теңге;

5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 36 018 теңге;

2022 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 20 191 теңге;

2) зейнетақының ең төмен мөлшері – 48 032 теңге;

3) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 180 теңге;

4) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 37 389 теңге.";

4 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. 2022 жылға арналған Ақкемер ауылдық округ бюджетіне республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге 796 мың теңге нысаналы ағымдағы трансферттер түскені ескерілсін.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық
мәслихатының хатшысы

Р. Мусенова

Мұғалжар аудандық
мәслихатының 2022 жылғы 27
маусымдағы № 219 шешіміне
қосымша

Мұғалжар аудандық
мәслихатының 2021 жылғы 30
желтоқсандағы № 131 шешіміне
1 қосымша

2022 жылға арналған Ақкемер ауылдық округ бюджеті

санаты		сыныбы		сомасы (мың теңге)
		кіші сыныбы	атауы	
			1. КІРІСТЕР	42 568

1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	3 297
	04		Меншікке салынатын салықтар	3 182
		1	Мүлікке салынатын салықтар	558
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 412
		5	Бірыңғай жер салығы	212
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	115
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	115
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	4
		1	Жерді сату	2
		2	Материалдық емес активтерді сату	2
4			Трансферттердің түсімдері	39 267
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	39 267
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	39 267

функционалдық топ				сомасы (мың теңге)
	кіші функция			
	бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	бағдарлама			
			Атауы	

				II. ШЫҒЫНДАР	43 127,7
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	32 213,2
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	32 213,2
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	32 213,2
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	31 413,2
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	800
07				Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	4 000
	3			Елді мекендерді көркейту	4 000
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 000
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 500
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 500

12				Көлік және коммуникация	6 914
	1			Автомобиль көлігі	6 914
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 914
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	5 900
			045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	1 014
15				Трансферттер	0,5
	1			Трансферттер	0,5
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,5
			048	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	0,5
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-559,7

				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	559,7
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	559,7
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	559,7
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	559,7
			01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	559,7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК